

ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Өнер» бағыты бойынша бейіндік докторантураны ашу мүмкіндігі туралы

Қазақстан Республикасының мәдениет және өнер саласы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің түпкілікті нәтижесінің негізгі тұтынушысы болып табылады. Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық мойындаған білікті практик-мамандар мен академиялық кадрлардың айтарлықтай тапшылығы сезілуде. Әлемдік кеңістікте танымал қазақстандықтар – дирижерлер, аспапшылар, суретшілер, дизайнерлер – шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері болып табылады. Көп жағдайда олар еуропалық және америкалық мектептердің өкілдері ретінде әлемдік креативті индустрияға зор үлес қосып отыр. Осыған байланысты «Өнер докторы» даярлаудың қазақстандық моделін қарастыру және енгізу қажеттілігі туындайды.

ҚР МЖМБС-на сәйкес бейіндік докторантураның білім беру бағдарламалары түлектеріне мынадай дәрежелерді беру көзделген:

1. білім докторы;
2. өнер докторы;
3. құқық докторы;
4. медицина докторы;
5. ұлттық қауіпсіздік және әскери іс докторы.

Қазақстандық «Өнер докторы» моделі қолданбалы шығармашылық және орындаушылық міндеттерді шеше алатын, ғылым, білім, өнер мен креативті индустрия арасындағы байланысты нығайтатын докторларды даярлауды көздейді. Бұл модель үш тараптың тығыз ынтымақтастығын болжайды: докторант, ЖОО және ҚР мәдениет пен өнер мекемелері (опера және балет театрлары, драма театрлары, филармониялар және т.б.), олар бейіндік докторантура бағдарламалары аясында серіктес ұйымдар болып табылады.

Әлемдік деңгейдегі отандық орындаушылардың (музыкалық, театрлық, бейнелеу өнері, кино және ТВ өнері бағыттары бойынша) өсімін ынталандырудың негізгі шараларының бірі – «Өнер» бағыты бойынша докторантураның білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау және «Өнер докторы» бейіндік дәрежесін беру ережелерін жетілдіру болуы тиіс.

Осы мақсатта «Өнер» бағыты бойынша бейіндік докторларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі мен грант құнын қарастыру қажет.

«Өнер» бағыты бойынша бейіндік докторларды даярлаудың жаңа моделін ашу және іске асыру аясында ҚР ҒЖБМ, МСИ, ЕХӘҚМ өкілдері кіретін ведомствоаралық комиссия құру, сондай-ақ қабылдау ережелеріне, даярлау мазмұнына және «Өнер докторы» дәрежесін беру тәртібіне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге бірқатар өзгерістер енгізу қажет.